

Тақырыбы: Мектептің тұтас педагогикалық үдерісін жоспарлау

Орындаған: Көпжасарова А
Қабиева Г

Ақтөбе, 2019

Жоспары:

- 1.** Мектептің ТШҮ – ң жоспарлаудың түрлері
 - 2.** Мектептің ТШҮ – ң жоспарлаудың бағыттары
-

Глоссарий:

Педагогикалық процесс - оқушылардың мәдени байлықтарды меңгеруге және оларды еңбекке және қоғамдық өмірге дайындаудағы бірлескен іс-әрекеттері, бұл ұстаздардың белсенді араласуымен және басшылығымен жүзеге асады.

Жоспар жасау дегеніміз - оқыту мен тәрбие жұмысын жақсарту бағытында көпетеген шараларды белгілеу.

Педагогический процесс — специально организованное взаимодействие старшего (обучающего) и младшего (обучаемого) поколений с целью передачи старшими и освоения младшими социального опыта, необходимого для жизни и труда в обществе.

Мектептің ТПҮ-н жоспарлау

Мектеп жұмысының жоспарын дайындау оның орындалуының шынайылығын, нақтылығын, үздіксіздігін қамтамасыз ететін бірқатар талаптарды сақтауды қажет етеді.



Мектептің ТШҮ – ң жоспарлаудың түрлері:

Перспективалық
жоспар

- Мектептің соңғы жылдардағы жұмыстарына терең талдау жасау негізінде 5 жылға жасалады

Жылдық
жоспар

- Жазғы каникулды қосқанда бүкіл оқу жылын қамтиды. Мектептің жұмыс жоспарын дайындау ағымдағы оқу жылында басталады да бірнеше кезеңді қамтиды.

Ағымдағы
жоспар

- Жалпы мектептік жоспарды нақтылау үшін оқу тоқсанында жасалады. Осылайша жоспарлардың негізгі түрлері педагог, оқушы және ата – аналар ұжымдарының әрекетін үйлестіруге мүмкіндік береді.

Мектептің ТПҮ – ң жоспарлаудың бағыттары:

Мектеп жоспары мазмұнының негізгі бөлігін мектепте жүргізуге тиіс шаралар құрастырады. Бұл шараларды бірнеше тарауларға бөледі. Тараулардың бірі ұжымның міндетті жалпы орта білімді жүзеге асыру бойынша іс – әрекетіне арналған. Онда мектеп маңайында тұратын мектеп жасына жеткен балаларды толық тіркеу шаралары қолданады.

Оқушыларды еңбекке тәрбиелеу мақсатында мектепте өз – өзіне қызмет жасау, қоғамдық – пайдалы еңбек жұмыстары, жағдайлар болған кезде оқушылардың шамасына сай өндірістік еңбегі бойынша жұмыстар қарастырылады. Жоспарларда мектептегі еңбек мейрамдары мен басқада шаралар (көрмелер, байқаулар, жарыстар) да қарастырылады, техникалық үйірмелер мен секциялар жұмысы ұйымдастырылады. Мұнда оқушыларға экономикалық тәрбие беру бойынша, іскерлік қасиеті мен қазіргі заман адамының басқа да жеке қасиеттері қалыптастыру бойынша шаралар көретіледі. Оқушыларға экологиялық тәрбие беру жұмыстары да жоспарланады: тәжірибелік жұмыс, экологиялық аумақ, экологиялық соқпақ құру, жануарлар мен өсімдіктер күтімі, табиғатты сақтау бойынша жұмыс, экологиялық мейрамдар, байқаулар өткізу

Бұл тарауда жанұя тәрбиесімен байланысты оқушылар ата – анасымен жүргізілетін жұмыс көрініс тапқан мәселелер де бар. Ата – аналармен кездесу өткізу, оларға ақыл – кеңес беруді ұйымдастыру, ата – аналар жиналыстарын өткізу, ата – аналар комитеті жұмысына көмектесу, ата – аналарды мектептегі тәрбие жұмысына араластыру, жанұя тәрбиесінің озат тәжірибесін зерттеу мен қорытындылау жұмыстары қарастырылады.

“Педагогикалық кадрлармен жұмыс” тарауында мұғалімдер мен тәрбиешілердің әдістемелік деңгейін көтеруге бағытталған жұмыстар қарастырылады. Мұғалімдер ұжымы мүшелерінің кәсіби біліктері мен дағдыларын болжау жоспарланады, бұл озат педагогикалық тәжірибені анықтауға, сондай – ақ мұғалімдердің тәрбие мен оқыту әдісінің саласындағы қажеттіліктері мен сұраныстарын анықтауға мүмкіндік береді. Әдістемелік кеңес пен әдістемелік бірлестіктер (кафедралар) жұмысының жоспарлары осы тараудың құрамды бөлігі болып табылады.